

"1999-2015 жылдарға арналған "Таза ауа-Жанға дауа" Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтырудың кешенді бағдарламасын бекіту туралы" I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1999 жылғы 14 мамырдағы XXV-сессиясының шешіміне қосымшаның 1.11.1 тармағының 3, 4, 5 тармақшаларының күшін 2015 жылға дейін уақытша тоқтата тұру туралы Әділет басқармасында 11.06.99 жылы N 57 болып тіркелген, II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 31.10.2001 жылғы XIII-і сессиясының, (20.11.2001 N 404 болып тіркелді), 23.01.2002 жылғы XV-і сессиясының (22.02.2002 N 436 болып тіркелді), шешімдерімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді 03.01. 2001 жылы , 6.03.2002 жылы "Вечерний Алматы", 03.11. 2002 жылы "Алматы Ақшамы" газеттерінде жарияланды

### *Күшін жойған*

III-ші сайланған Алматы қаласы Мәслихатының VI сессиясының 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 54 шешімі. Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 4 мамырда N 597 тіркелді. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 56 шешімімен

*Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 56 шешімімен*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңының 6 бабы 1 тармағы 2 тармақшасына, Алматы қаласының тіршілігін қамтамасыз ететін энергия көздерінің жұмысын тұрақтандыру мақсатында және "Алматы Пауэр Консолидэйтед" компаниясының ТЭЦ-1, ТЭЦ-2, Батыс жылу кешені мен "Алматы жылукоммунэнерго" акционерлік қоғамы жылу көздері жылыту маусымында газбен толық қамтамасыз етілмейтіндігін ескере отырып III-сайланған Алматы қаласының Мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1."1999-2015 жылдарға арналған "Таза ауа-Жанға дауа" Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтырудың кешенді бағдарламасын бекіту туралы" I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1999 жылғы 14 мамырдағы XXV-сессиясының шешіміне қосымшаның 1.11.1 тармағының 3, 4, 5 тармақшаларының күші 2015 жылға дейін уақытша тоқтатылсын.

2. "Алматы Пауэр Консолидэйтед" жабық акционерлік қоғамы 2015 жылға дейін қ а м т а м а с ы з е т с і н :

1) ТЭЦ-1 және Батыс жылу қазандығының жұмысын жобалық сападағы көмірмен және мазутпен тек жылу беру мерзімінде ғана;

2) ТЭЦ-2-нің жұмысын жобалық сападағы көмірмен.

3. "Алматыжылукоммунэнерго" акционерлік қоғамы жобалық сападағы көмірді және мазутты тек жылу беру мерзімінде ғана пайдаланатын болсын.

4. Алматы қаласының әкімдігі, Алматы қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы атмосфераға зиянды қалдықтардың нормативтік шығарылуына тұрақты қадағалауды қамтамасыз етсін.

5. "1999-2015 жылдарға арналған "Таза ауа - Жанға дауа" Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтырудың кешенді бағдарламасын бекіту туралы" І-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1999 жылғы 14 мамырдағы XXV-і сессиясының шешіміне қосымшаның 2.5 тармағының 2, 3, 4 тармақшаларының күшін 2005 жылға дейін уақытша тоқтата тұру туралы" ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2001 жылғы 31 қазандағы XIII-і сессиясы шешімінің күші жойылған деп танылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын қадағалау экология және төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға ( А.Б. Біртанов) және Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.З. Мурзинге жүктелсін.

*ІІІ-ші сайланған Алматы  
қаласы Мәслихаты VI-ші  
сессиясының төрағасы,*

*ХАТШЫСЫ*